

1-БЛОК: Қазақ әдебиеті қазақ тілінде оқыту сыныптарында

Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Ахмет Йасауидің “Диуани хикмет” кітабы _____ тілінде дүниеге келді.
А) Дешті – қыпшақ
В) Қыпшақ – ноғайлы
С) Оғыз – қыпшақ
D) Араб – парсы
E) Шағатай – түркі
2. “Күлтегін” жырындағы жырау есімін табыңыз.
А) Білге қаған
В) Елтеріс
С) Күлтегін
D) Қапаған
E) Тоңұқұк
3. М.Қашқаридың «Түркі сөздерінің жинағы» атты еңбегіндегі тайпалар саны
А) 29
В) 37
С) 33
D) 41
E) 19
4. Ахмет Йасауи дүниеге келген жер
А) Бұқара қаласы
В) Сыр бойы
С) Қашқар қаласы
D) Сайрам қаласы
E) Ташкент қаласы
5. Йассауидің хикметтері
А) 163
В) Жүзге жуық
С) 151
D) 135
E) 142

6. Ауыспалы мағынадағы мақал

- A) Ер қанаты - ат
- B) Ана алдында – құрмет, ата алдында - қызмет
- C) Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей
- D) Атаның баласы болма, Адамның баласы бол
- E) Не ексең, соны орасың

7. «Дүниеде не өлмейді?» деген шешендік сөздің авторын анықтаңыз.

- A) Төле би
- B) Бөлтірік шешен.
- C) Жиренше шешен.
- D) Байдалы шешен.
- E) Қазыбек би.

8. Отанды сүюге қатысты мақал

- A) Ақжүрек адам азбас
- B) Өнерлі өлмейді
- C) Атаның баласы болма, адамның баласы бол
- D) Ерлік тәрбиеден туады
- E) Жақсы сөз - жарым ырыс

9. Реалистік оқиғалар, өмірде болған адамдар, олардың тапқыр сөздері әңгімеленетін ауыз әдебиетінің көркем түрі

- A) батырлар жыры
- B) айтыс
- C) тұрмыс-салт жырлары
- D) ертегілер
- E) шешендік сөздер

10. Адамды тапқырлыққа үйрететін ауыз әдебиетінің түрі

- A) Жұмбақ
- B) Айтыс
- C) Жаңылтпаш
- D) Мәтел
- E) Мақал

11. «Шалқұйрықты» серік еткен батыр

- A) Толағай
- B) Қобыланды
- C) Қамбар
- D) Ер Төстік
- E) Ер Тарғын

12. Аңыз әңгіме кейіпкері

- A) Сұлушаш
- B) Қарашаш
- C) Кенжекей
- D) Ақжүніс
- E) Баян

13. «Сөзден тәтті нәрсе жоқ. Сөзден ащы нәрсе жоқ. Сөзінді тіліңе билетпе, ақылыңа билет» деген жолдардың авторы

- A) Әйтеке би
- B) Төле би
- C) Жиренше шешен
- D) Қазыбек би
- E) Бөлтірік шешен

14. Ауыз әдебиеті үлгісі

- A) Проза
- B) Драма
- C) Мақал-мәтел
- D) Поэзия
- E) Өлең

15. Төмендегі жыр орындалатын мереке

«Есік алды қара су тойлағаным,
Жалғанның қызығына тоймағаным.
Көмілсем де кетер ме көкейімнен,
Қалқаммен ұлыс күні ойнағаным.»

- A) Тойбастарда
- B) Үйлену тойы
- C) Наурыз тойы
- D) Рамазан айы
- E) Нәресте дүниеге келгенде

16. Әйтеке бидің шыққан тегі

- A) Әлімұлы
- B) Қаракесек
- C) Жаныс
- D) Арғын
- E) Дулат

17. Жириеншеге Қарашаштың қазасын естірткен хан

- A) Өзбек хан
- B) Темір хан
- C) Жәнібек хан
- D) Тәуке хан
- E) Жәңгір хан

18. «Еділ бол да, Жайық бол, ешкімменен ұрыспа» деп, елді бірлікке шақырған жырау

- A) Қазтуған
- B) Асан қайғы
- C) Ақтамберді
- D) Бұқар
- E) Шалкиіз

19. «Асқар, асқар, асқар тау» толғауының авторы

- A) Үмбетей
- B) Жиёмбет
- C) Шалкиіз
- D) Доспамбет
- E) Бұқар

20. «Күмбір-күмбір кісінетіп» толғауын жазған жырау

- A) Жиёмбет
- B) Сүйінбай
- C) Доспамбет
- D) Ақтамберді
- E) Қазтуған

21. Қобыландының әкесі

- A) Естеміс
- B) Сарыбай
- C) Қарабай
- D) Тоқтарбай
- E) Базарбай

22. «Көмекей әулие» атанған жырау

- A) Бұқар
- B) Қожаберген
- C) Доспамбет
- D) Шалкиіз
- E) Асан қайғы

23. Дулат Бабатайұлының “Еспенбет” поэмасындағы бас кейіпкер Еспенбет кімнің қолында ер жетіп тәрбиеленді

- A) Қабанбай
- B) Сыбан
- C) Ақтамберді
- D) Ер Қосай
- E) Жарасқұл

24. Асан қайғының ел аралаудағы мақсаты

- A) Өнерге шақыру
- B) Ел тану
- C) Өз өнерін паш ету
- D) Өзін таныстыру
- E) Ел тыныштығы

25. Мұрат Мөңкеұлының эпостық поэмасын табыңыз.

- A) “Сарыарқа”.
- B) “Бала зары”.
- C) “Қарасай – Қазі”.
- D) “Қазтуған”
- E) “Үш қиян”.

26. Махамбеттің Исатайға арнаған өлеңі

- A) «Мұңайма»
- B) «Күн қайда?»
- C) «Махамбеттің Жәңгірге айтқаны»
- D) «О, Нарын!»
- E) «Тарланым»

27. Еспенбеттің аты Ақбөрте кімнің асында оза шауып, бас бәйгені алды

- A) Сағынайдың асы
- B) Байжігіттің асы
- C) Сәтімкұл бидің асы
- D) Жанғұлының асы
- E) Құлмамбеттің асы

28. Түсінде Қызыр атаның батасын алған ақын

- A) Майлықожа
- B) Жанақ
- C) Дулат
- D) Шортанбай
- E) Сүйінбай

29. “Аз жұмысты қиынсынсаң, көп жұмысқа тап боларсың.
Азға қанағат етпесең, көптен құр қаларсың” деген мақалмен қорытатын
Ыбырай әңгімесі

- A) “Бақша ағаштары”
- B) “Қыпшақ Сейіткүл”
- C) “Асыл шөп”
- D) “Атымтай Жомарт”
- E) “Әке мен бала”

30. Алтынсарин шығармашылығына тән емес қатар

- A) «Бір уыс мақта»
- B) «Асыл шөп»
- C) «Зеректік»
- D) «Таза бұлақ»
- E) «Әсемпаз болма әрнеге»

31. Үш адамның сұқбатына құрылған Ыбырайдың әңгімесі

- A) «Мақта қыз бен мысық»
- B) «Зеректік»
- C) «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш»
- D) «Таза бұлақ»
- E) «Әке мен бала»

32. С.Бегалиннің Шоқанға арнап жазған шығармасы

- A) «Аққан жұлдыз»
- B) «Шоқан асуы»
- C) «Ш.Уәлиханов»
- D) «Бала Шоқан»
- E) «Дала қыраны»

33. Шоқанның Потанинмен танысқан жері

- A) Қашғарияда
- B) Қырғыз елінде
- C) Сібір кадет корпусында
- D) Жетісуда
- E) Омбыда

34. Ыбырай туралы поэма жазған ақын

- A) Ғ.Қайырбеков
- B) М.Дулатов
- C) С.Дөнентаев
- D) Қ.Мырзалиев
- E) С.Торайғыров

35. Б.Бұлқышевтың «Шығыс ұлына хат» шығармасының стилі

- A) Көркем әдебиет
- B) Публицистикалық
- C) Ғылыми
- D) Іс-қағаздар
- E) Ауызекі сөйлеу

36. Ж.Жабаевтың 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысты суреттеген өлеңі

- A) “Сұраншы батыр”
- B) “Бекболат”
- C) “Зілді бұйрық”
- D) “Өстепкеде”
- E) “Амангелді батыр”

37. С.Мұқановтың мемуарлық шығармасы

- A) «Өмір мектебі»
- B) «Сұлушаш»
- C) «Ботагөз»
- D) «Балуан шолақ»
- E) «Аққан жұлдыз»

38. Метафораны табыңыз

- A) Көк темірді киініп,
Шықты батыр жекеге.
- B) Орта жүздің көркі едің,
Қоңыраулы бұйра нарындай.
- C) Қабағын түйіп құз тас тұр,
Төңірегіне парық сап.
- D) Балқытып гүлді деміне
Сүйді жаз әбден беріле.
- E) Ақын – жел, есер, гулер жүйрік желдей,
Ақын – от, лаулап жанар аспанға өрлей.

39. Қорытынды ойы, түйіні жоқ, тыңдаушы өзі тұжырымдайтын халық ауыз әдебиетінің түрі

- A) Мәтел
- B) Айтыс
- C) Шешендік сөздер
- D) Мақал
- E) Нақыл сөздер

40. ...Сен жер болдың, нөсер болып төгілсем,
Шұғыласың, қара бұлт боп көрінсем.

Мен – түн болсам, сен таң болдың жаңа атқан,
Мені – қола, сені – шойын жаратқан.

Өлең үзіндісі фигураның қай түріне жатады

- A) Аллегория
- B) Анафора
- C) Аллитерация
- D) Антитеза
- E) Эпифора

41. «Аққулар ұйықтағанда» поэмасындағы оқиға өтетін жер

- A) Жетісу
- B) Шалкөде
- C) Алакөл
- D) Жетімкөл
- E) Көлсай

42. Үзіндінің авторы:

Ақынмын деп мен қалай айта аламын,
Халқымның өзі айтқанын қайталадым.

Күпі киген қазақтың қара өлеңін,
Шекпен жауып өзіне қайтарамын.

- A) Ж.Нәжімеденов
- B) Ә.Тәжібаев
- C) М.Мақатаев
- D) Ж.Молдағалиев
- E) Т.Айбергенов

43. Құрманғазы туралы жазылған «Кісен ашқан» поэмасының авторы

- A) Ж.Нәжімеденов
- B) М.Шаханов
- C) Ф.Оңғарсынова
- D) Ж.Молдағалиев
- E) Т.Молдағалиев

44. Ж.Нәжімеденовтің қобызшы Г.Бірманованың үйінде жазған туындысы

- A) «Қасірет пен қайсарлық»
- B) «Менің Қазақстаным»
- C) «Мен - тамырмын»
- D) «Ақ шағылдар»
- E) «Атақ пен дақпырт»

45. Мұқағалидың поэмасы

- A) «Құлагер»
- B) «Ескендір»
- C) «Чили, шуағым менің»
- D) «Сұлушаш»
- E) «Адасқан өмір»

46. «Ақсақ Темір мен ақын» балладасының авторы

- A) Қ. Бекқожин
- B) Ә. Тәжібаев
- C) Қ. Мырзалиев
- D) М.Әлімбаев
- E) М.Мақатаев

47. «Даланы биіктетеміз деп тауларды аласартпайық» деген қанатты сөздерді айтқан ақын, ойшыл, қоғам қайраткері

- A) О.Сүлейменов
- B) Т.Молдағалиев
- C) М.Мақатаев
- D) Қ.Мырза Әлі
- E) Т.Айбергенов

48. М.Шахановтың Ш.Айтматовпен бірге жазған кітабы

- A) «Сырдария»
- B) «Құз басындағы аңшының зары»
- C) «Сенім патшалығы»
- D) «Қырандар төбеге қонбайды»
- E) «Отырар»

49. Құрман, Жамалдар кездесетін М.Мақатаевтың шығармасы

- A) «Ақ қайың»
- B) «Аққулар ұйықтағанда»
- C) «Ару-ана»
- D) «Бала шақтан болашаққа»
- E) «Мұзбалақ»

50. Мұқағалиға алтын қаламын сыйға тартқан жазушы

- A) Ә.Тәжібаев
- B) Б.Момышұлы
- C) М.Әуезов
- D) С.Мұқанов
- E) Ғ.Мүсірепов

Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар

51. Абай қарасөздеріндегі мақал-мәтелге айналып кеткен айшықты тіркестер

- A) «Бақпен асқан патшадан мимен асқан қара артық»
- B) «Бірлік – ақылға бірлік, малға бірлік емес»
- C) «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей»»
- D) «Ардан кеткен соң, тірі болып жүргені құрысын»
- E) «Хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста тұр»
- F) «Қайғысыздан сақ бол, қайғылыға жақ бол»

52. Баланың психологиясы мен білмекке ұмтылатын талабы жөнінде жазылған Абайдың қара сөзі

- A) Бесінші
- B) Жетінші
- C) Отыз сегізінші
- D) Отыз бірінші
- E) Үшінші
- F) Жиырма бесінші

53. Әдебиеттанушылардың түсіндіруіндегі сал-сері атауының мағынасы

- A) Еркелігі мен оғаш қылықтары көп болады
- B) «Сері» сөзі «сейір», «сал» сөзі «салдыру» мағынасында
- C) «Сері» сөзі «шерік», яғни «әскер», «қол» ұғымында
- D) Ақын, палуан, ойыншы, жыршыларын ертіп жүреді
- E) Жүріс-тұрыстары мен мінез-құлқында ерекшелігі бар
- F) Серілер сәнқой, таза киінетін өнерпаз адамдар

54. *Көкшетау, мен қайтейін биігіңді-ей,*

Баурыңда бейғам өстім киігіңдей.

Дұшпаннан қысым көріп, үйден безіп,

Басамын қайда барып күйігімді?!

Өлең шумағының авторы

- A) Балуан Шолақ
- B) Біржан сал
- C) Ақан сері
- D) Жаяу Мұса
- E) Мәди Бапиұлы
- F) Үкілі Ыбырай

55. XX ғасырдың басындағы әдебиеттің саяси-әлеуметтік ерекшелігі

- A) Әйел теңсіздігі мәселесінің сөз етілуі
- B) Саяси қайраткерлердің белсенді жұмыстары
- C) Әнші, сал-серілер шығармаларының тууы
- D) Сыншыл реализмнің дамуы
- E) Ереуіл жырлары дамыды
- F) Қазақ баспасөзінің қанат жая бастауы
- G) Әдеби жанрлардың көбеюі

56. 1894-1937 жылдар аралығында өмір сүрген ақын-жазушылар

- A) М.Әуезов
- B) М.Дулатов
- C) Ш.Құдайбердіұлы
- D) М.Жұмабаев
- E) Б.Майлин
- F) С.Сейфуллин
- G) І.Жансүгіров
- H) А.Байтұрсынова

57. М.Әуезовтің білім алуы

- A) 1919 ж. төртжылдық мұғалімдер семинариясын бітіреді
- B) 1930 ж. Орта Азия университетінің аспирантурасын бітіреді
- C) 1928 ж. Ленинград университетінің филология факультетін бітіреді
- D) 1928 ж. Ленинград университетінің филология факультетіне түседі
- E) 1908 ж. Семей қаласындағы бес жылдық орыс училищесіне түседі
- F) 1908 ж. Семей қаласындағы бес жылдық орыс училищесін бітіреді

58. М.Әуезовтің «Қорғансыздың күні» әңгімесінің ерекшелігі

- A) Әлсіз пенделерге қарсы келген жауызды
- B) Әңгімедегі қорғансыздар мәселесі
- C) Автордың қорғансыздарды қорғау тәсілі
- D) Әмеңгерлік салттың кертартпа көрінісі
- E) Автордың өз кейіпкерлерін сынау тәсілі
- F) Ауыр мұң тек бас кейіпкерлерді ғана жаншымайды

59. Мұса Жәлел жырларында кездесетін афористік мәндегі сөз маржандары

- A) Өмір сүру ұзақтығы ерлікте
- B) Моабит дәптеріндегі даналы
- C) Опасыздық қаны тамар шелекке
- D) Фашистік сұмдыққа жан айқайы
- E) Ашынғанда жазылған жолдар

60. Мұса Жәлелдің «Моабит дәптері» -

A) Екі өлең дәптерінен тұрады

B) Жаудан жеңілу туралы жазылған

C) Біріншісі 33, екіншісі 60 өлеңнен тұрады

D) Волков майданында жазылған

E) Фашистік Моабит түрмесінде жазылған жыр

Мәнмәтіндік тапсырмалар

1-мәнмәтін

Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Көп жұрт жабылғысы келеді.

Сырым әрқайсысын қағып ұшырып, сахнадан шыға жөнеледі.

Ж а р ы л ғ а п. Мылтық әкел, ат итті! Өлтір осы жерде! (*Көп жұрт шулап қуып кетеді..*)

М ө р ж а н. (*Қарагөзді екі кісіге ұстатып*): Сал кісенді! Табанын тіліп, күң қылындар! Бетің тілінгір! Қайтып шыдап тұр мына бетің?!

Қ а р а г ө з. (*есі шығып жүдеген, өңі қашқан, әлсіз*): Мен... бәрібір өлім... Ал... Құдай!.. Ал мені ақ өліміңмен!

Екі жігіт қолын байлайды.

М ө р ж а н. Кеселді, өл енді! Не бетім, не дейін енді ел-жұртқа?!

Кеткендер қайтып келеді

Ж а б а й. Жерге кірсең қоймаспын, Сырым! Жаратқан, мұндай итті бергенше қубас қып, сорлы ғып неге қоймадың? Жерге кірсе – қоймаймын. Қуамын, қолымнан бауыздап өлтіремін!

61. Мәтіннің жанры

- A) либретто
- B) скетч
- C) пьеса
- D) проза
- E) спектакль

62. Диалог арқылы көрінген адам мінезі

- A) өмірден баз кешу
- B) мейірім көрсету
- C) қарғыс айту
- D) қолдау жасау
- E) әлімжеттік көрсету

63. Үзінді алынған шығарманың толық атауы

- A) «Бәйбіше-тоқал»
- B) «Түнгі сарын»
- C) «Абай»
- D) «Қарагөз»
- E) «Еңлік-Кебек»

64. Драматургияның түрі

- A) драма
- B) трагикомедия
- C) саяси драма
- D) трагедия
- E) комедия

65. Жақша ішінде алынған сөздің әдеби-теориялық атауы

- A) суреттеме
- B) акт
- C) мінездеме
- D) перде
- E) ремарка

Мәнмәтіндік тапсырмалар

2-мәнмәтін

Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Сен құрметте оны!
Түсіндің бе, қарағым?!
Ол ақшаға сатқан жоқ,
Тізеден кесіп аяғын.
Еріккеннен де ұстап жүрген жоқ,
Қолтықтағы ұзын таяғын.
Кешегі елге қатер төнгенде
Ол жауға шапты,
Бізді жалмамақ болған ажалды
Өр кеудесімен қақты.
Ол арыстанша алысты,
Өлім соққысын өз үстіне алды.
Денесін оқ пәршелесе де,
Ел намысын қорғап қалды.
Сен құрметте оны!
Түсіндің бе, қарағым?!
Сенің келешегің үшін берді ол
Азаттық жолында аяғын!

66. «Сен құрметте оны!» лириканың түрі

- A) Табиғат лирикасы
- B) Махаббат лирикасы
- C) Саяси-азаматтық лирика
- D) Философиялық лирика
- E) Көңіл-күй лирикасы

67. «Кешегі елге қатер төнгенде» деген жолдағы қатерлі кезең

- A) Ұлт азаттық көтеріліс
- B) Екінші дүниежүзілік соғыс
- C) Азамат соғысы
- D) Орыс-жапон соғысы
- E) Бірінші дүниежүзілік соғыс

68. «Сенің келешегің үшін берді ол
Азаттық жолында аяғын!» деген жолдардан алатын тағылым

- A) Жауапкершілік
- B) Ақыл айту
- C) Ерлік көрсету
- D) Кеңес беру
- E) Үлгі алу

69. Өлең жолдарының кейіпкері

- A) бейтаныс
- B) батыр
- C) жауынгер
- D) командир
- E) соғыс мүгедегі

70. Өлең шумағында айтылатын ой

- A) мадақтау
- B) бұйыру
- C) талап қою
- D) үлгі болу
- E) құрметтеу

1-БЛОК бойынша тест аяқталды.